

Геологиялық барлау жұмыстары, минералдық ресурстар
және минералдық қорлар нәтижелері туралы жария
есептіліктің қазақстандық қауымдастығы» ЗТБ
(KAZRC қауымдастығы)
Жалпы жиналысының
2015 жылғы «24» қарашадағы
№1 Хаттамасына №4 қосымша

Геологиялық барлау жұмыстары, минералдық ресурстар
және минералдық қорлар нәтижелері туралы жария
есептіліктің қазақстандық қауымдастығы» ЗТБ
(KAZRC қауымдастығы) Жалпы жиналысының
2015 жылғы «24» қарашадағы
Шешімімен
БЕКІТІЛДІ: №1
хаттама

**«ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ, МИНЕРАЛДЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ
МИНЕРАЛДЫҚ ҚОРЛАР НӘТИЖЕЛЕРІ
ТУРАЛЫ ЖАРИЯ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ» ЗТБ МҮШЕЛІК ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ
(KAZRC ҚАУЫМДАСТЫҒЫ)**

Астана, 2015 жыл

МАЗМҰНЫ

I-БӨЛІМ. Жалпы ереже

- 1.** Терминдер мен айқындамалар
- 2.** Қолданылу аясы

II-БӨЛІМ. KAZRC Қауымдастығына мүшелік

- 3.** KAZRC Қауымдастығына мүшелікке жататын жалпы ереже
- 4.** KAZRC Қауымдастығына кіру үшін қажетті құжаттар
- 5.** KAZRC Қауымдастығына қабылдау туралы шешім қабылдау тәртібі
- 6. 6.** KAZRC Қауымдастығына мүшелікке кіретін кандидаттарға қойылатын талаптар
- 7.** KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

III-БӨЛІМ. Мүшелік жарна және оны төлеу тәртібі

- 8.** Мүшелік жарнаға жататын жалпы ереже

IV-БӨЛІМ. Қорытынды ереже

- 9.** KAZRC Қауымдастығына мүшелікті тоқтату
- 10.** Ережеге өзгерістер мен толықтырударды қабылдау тәртібі

I-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Осы Ереже «Геологиялық барлау жұмыстары, минералдық ресурстар және минералдық қорлар нәтижелері туралы жария есептіліктің қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне (бұдан әрі – KAZRC қауымдастығы) мүшелік мәселелерін, өтініш беру және қарау, KAZRC

Қауымдастығы мүшелігіне қабылдау және шығару тәртібін, сондай-ақ мүшелік жарналар төлеу мәселелерін реттейді.

Ережені KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің Жалпы жиналысы бекітеді.

1. Терминдер мен айқындамалар

1.1. KAZRC Қауымдастығына Мүшелік туралы ереженің мақсаты үшін егер контексте айқын түрде өзге бақыланбаса не арнайы өзгеше белгіленбесе, төмендегі түсініктер мен терминдер мынадай мағынада пайдаланылады:

KAZRC Қауымдастығының жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз етуге, KAZRC Қауымдастығы мүшелері қызметінің жағдайларын қамтамасыз етуге арналған, сондай-ақ KAZRC Қауымдастығы мүшелеріне қоятын талаптары бар, сөзсіз орындау KAZRC қауымдастығына мүшелікке қажетті шарт болып табылатын «KAZRC Қауымдастығының құжаттары»:

- Жарғы;
 - Құрылтайшы Шарт;
 - Оларға бекітілген өкілеттікке сәйкес KAZRC Қауымдастығы басқару органдары мен лауазымды тұлғалары қабылдаған шешімдер және тиісті нысанда ресімделген бұйрықтар, қаулылар, қарарлар, шешімдер, хаттамалар және т.б. жатады
- «Кандидат» - алдына KAZRC қауымдастығы мүшелігіне өту мақсатын қойған, ол ойын мәлімдеген және осы мақсат үшін KAZRC құжаттарында белгіленген әрекеттерді орындайтын заңды тұлға.

1.2. 1.1-тармағының ережесіне залал келтірмей осы Ереженің мақсаттары үшін егер контексте айқын өзге бақыланбаса немесе арнайы өзгеше белгіленбесе ғана, KAZRC Қауымдастығының өзге құжаттарында бар түсініктер, терминдер, айқындама және/немесе ұғымдар пайдаланылады.

2. Қолданылу аясы

2.1. Осы Ереже KAZRC Қауымдастығына мүшелікке қабылдау, сондай-ақ KAZRC Қауымдастығы мүшелігінің құрамынан шығу және шығару, KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің міндеттерді орындау тәртібін белгілейді.

2.2. Осы Ереже KAZRC қауымдастығы мүшелерінің қызметіне жағдай жасау үшін KAZRC Қауымдастығының жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру аясында соңғының мүмкіндіктерін KAZRC қауымдастығы мүшелерінің жалпы пайдалану тәртібін, атап айтқанда, мыналарға қатысты нормаларды өңдеу мен іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі:

- KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін;
- KAZRC Қауымдастығына кіру және одан шығу тәртібін;
- KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің мүшелік жарна төлеу тәртібін;
- KAZRC Қауымдастығына мүшелердің өтініштерін қарау тәртібін сақтау; - KAZRC Қауымдастығы мүшелеріне қатысты қолданылатын тәртіптік ықпал шараларын белгілейді.

II-БӨЛІМ. KAZRC ҚАУЫМДАСТЫҒЫНА МҮШЕЛІК

3. KAZRC Қауымдастығына мүшелікке жататын жалпы ереже

3.1. Жарғының талаптарын орындайтын, қызмет саласы Қазақстан Республикасындағы геологиямен және жер қойнауын пайдаланумен байланысты және KAZRC қауымдастығына мүшеліктен құқықтар мен артықшылықтарды толық көлемде пайдалану мүмкіндігі бар, сондай-ақ KAZRC қауымдастығының дамуына жәрдемдесетін және KAZRC қауымдастықтарына қаржылық және өзге де көмек көрсететін коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар KAZRC қауымдастығының мүшелері бола алады.

3.2. KAZRC Қауымдастығына осындай бірлестіктерге қатысатын заңды тұлғалар бірлестігі кірген жағдайда заңды тұлға KAZRC Қауымдастығы талаптарына сәйкес келуі тиіс.

3.3. KAZRC Қауымдастығының мүшелері сондай-ақ KAZRC Қауымдастығының құрылтайшылары (құрылтай шартқа қол қойған) болып табылады.

3.4. Мүшелікті KAZRC Қауымдастығына беруге жол берілмеді.

3.6. KAZRC Қауымдастығының мүшелері дауыс беру құқығымен KAZRC Қауымдастығының қызметіне қатысады. Қауымдастықтың әр мүшесінің бір дауыс құқығы бар.

3.7. KAZRC Қауымдастығының мүшелері оның міндеттемелеріне жауап бермейді, ал KAZRC қауымдастығы өз мүшелерінің міндеттемелеріне жауап бермейді.

4. KAZRC Қауымдастығына кіру үшін қажетті құжаттар

4.1. Кандидат KAZRC Қауымдастығының Атқарушы директорына мынадай құжаттарды жіберуі тиіс:

- Атқарушы директордың атына кандидат басшысы қол қойған өтініш (Ережеге №1 қосымша);
- кандидаттың заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің (анықтамасының) куәландырылған көшірмесі;
- өтініш берген кезде қолданыстағы өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, құрылтайшы құжаттардың куәландырылған көшірмесі;
- басшының өкілеттілігін растайтын құжат (сайлау туралы (және қажет болған жағдайда өкілеттігін ұзарту) хаттамадан/шешімнен көшірме немесе үзінді, тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі);
- заңды тұлғаны салық органына, есепке қою туралы куәлігінің статистикалық картасының көшірмесі;
- қол қою құқығымен мүдделерді білдіруге уәкілетті органға сенімхат; - жеке атқарушы органның өкілеттігін басқарушы ұйымға беру туралы шарт (болған жағдайда).

5. KAZRC Қауымдастығы мүшелігіне қабылдау туралы шешімді қабылдау тәртібі

5.1. KAZRC Қауымдастығына мүшелігіне жаңа мүшелердің кіруі KAZRC Қауымдастығының Атқарушы директорына жазылған өтініш негізінде жүзеге асырылады.

5.2. KAZRC Қауымдастығы кандидаттан құжаттармен белгіленген барлық материалдар мен құжаттарды алғаннан кейін KAZRC Қауымдастығы кандидаттың белгіленген талаптарға сәйкестігіне бақылауды жүзеге асырады және кандидаттың өтінішін тіркейді.

5.3. Кандидаттың KAZRC Қауымдастығының Құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылау осы ережеде көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап он күнтізбелік күні ішінде жүргізіледі. Көрсетілген мерзім егер берілген деректер шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болса немесе оларды қосымша тексеру қажет болса, бір айға дейін ұзартылуы мүмкін.

5.4. Құжаттарда бар деректерді тексеру аясында KAZRC Қауымдастығы кандидаттың кеңсесіне оның жұмысының жалпы ұйымдастырылумен танысу үшін өзінің өкілін жіберуге

құқылы. Өтініш берушінің белгіленген талаптарға сәйкестік фактісін анықтау үшін KAZRC Қауымдастығы қосымша мәлімет талап етуге, ал кандидат беруге міндетті.

5.5. Кандидатты барлық белгіленген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін ғана тіркейді.

5.6. Кандидат KAZRC қауымдастығына мүшелікке осы Ереженің қойылатын талаптарына сәйкес келмесе немесе белгіленген мерзімде тексеруге құжаттар немесе қосымша мәліметтер ұсынбаса, оны тіркеуден бас тартуы мүмкін.

5.7. Тіркеуден бас тартқаны туралы (себебін көрсете отырып) KAZRC Қауымдастығы кандидатты жазбаша хабардар етуге міндетті.

5.8. KAZRC Қауымдастығына мүшелікке қабылдау туралы шешімді KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің Жалпы жиналысында қабылдайды.

5.9. KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің жалпы жиналысында кандидатты Атқарушы директор таныстырады. KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің жалпы жиналысымен келісім бойынша KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің Жалпы жиналысының отырысына KAZRC Қауымдастығына мүшелікке кандидаттың басшысы шақыртылуы мүмкін.

5.10. KAZRC Қауымдастығына мүшелікке қабылдау туралы шешім KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің Жалпы жиналысы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

5.11. KAZRC Қауымдастығының мүшелеріне KAZRC Қауымдастығының мүшелігіне қабылдау туралы KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің Жалпы жиналысы шешімінің көшірмесін жібереді.

5.12. KAZRC Қауымдастығына мүшелікке қабылдаудан бұрын бас тартқан кандидат бас тарту алғаннан кейін бір айдан соң қабылдау туралы қайта өтініш беруге құқылы.

5.13. KAZRC Қауымдастығының мүшелері KAZRC Қауымдастығына мүшелік туралы куәлік алады (Ережеге №2 қосымша).

6. KAZRC Қауымдастығына мүшелікке кіретін кандидаттарға қойылатын талаптар

6.1. KAZRC Қауымдастығына мүшелікке кандидат заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлға болуы тиіс.

6.2. KAZRC Қауымдастығы мүшелігіне кандидат KAZRC Қауымдастығының Жарғысын, мақсаттары мен міндеттерін тануы тиіс.

6.3. KAZRC Қауымдастығы мүшелігіне кандидат Қазақстан Республикасындағы геологияға және жер қойнауын пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыруы тиіс.

7. KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

7.1. KAZRC қауымдастығы мүшелерінің:

7.1.1. KAZRC Қауымдастығының Жарғысында айқындалған тәртіпте, дауыс беру кезінде дауыс беру құқығымен KAZRC Қауымдастығы істерін

басқаруға қатысуға;

7.1.2. KAZRC қауымдастығының басқару органына кандидатура ұсынуға және сайлануға;

7.1.3. KAZRC қауымдастығы мүшелері қызметінің мәселелері бойынша білікті әдістемелік, ғылыми-технологиялық консультация, заңнамалыққұқықтық және қаржылық консультация алуға;

7.1.4. KAZRC Қауымдастығы басқару органының қарауына KAZRC Қауымдастығы қызметінің мәселелері жөнінде ұсыныс енгізуге, осы мәселелерді талқылауға қатысуға;

7.1.5. KAZRC қауымдастығының қызметі туралы ереже мен шешімдердің өз жұмысында қолдануға;

7.1.6. KAZRC қауымдастығы қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде оның бухгалтерлік есептілігімен және өзге де қаржылық құжаттарымен танысуға;

7.1.7. KAZRC қауымдастығы мүшелерінің Жалпы жиналысының жұмысына қатысу үшін өз өкілеттік өкілдері мен олардың жұмыс тобын тағайындауға; 7.1.8. KAZRC қауымдастығы

Жарғысында көзделген тәртіпте KAZRC қауымдастығы мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуға;

7.1.9. KAZRC Қауымдастығы Жарғысында және осы ережеде көзделген тәртіпте KAZRC Қауымдастығынан шығуға;

7.1.10. Мүлікті KAZRC қауымдастығының меншігіне беруге;

7.1.11. KAZRC Қауымдастығы органдары әзірлеп және қарап жатқан KAZRC Қауымдастығы Құжаттарына қатысты өзінің жазбаша пікірін енгізуге;

7.1.12. KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің кезекті және кезектен тыс Жалпы жиналыстарына қатысу арқылы KAZRC Қауымдастығы қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдауға;

7.1.13. KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне ұсыныс енгізуге, дауыс беруге;

7.1.14. KAZRC Қауымдастығы Жарғысында көзделген өзге де құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

7.2. KAZRC қауымдастығы мүшелерінің мүшелік түрлері мен міндеттері. KAZRC қауымдастығына ақылы мүшелік коммерциялық ұйымдарға жатады. Тегін мүшелік коммерциялық емес ұйымдарға жатады. KAZRC Қауымдастығы мүшелері:

7.2.1. KAZRC Қауымдастығы алдында тұрған міндеттерді шешуге ықпал етуге; KAZRC Қауымдастығының мақсаттарына жетуге белсенді қатысуға;

7.2.2. KAZRC Қауымдастығы Жарғысы мен басқа да Құжаттарының ережелерін сақтауға;

7.2.3. KAZRC Қауымдастығының Жарғысында айқындалған олардың құзыретіне сәйкес қабылдаған KAZRC Қауымдастығы басқару органдарының шешімдерін орындауға;

7.2.4. Олардың қызметіне байланысты мәселелерді шешу үшін қажетті және коммерциялық құпия болып табылмайтын ақпаратты беруге, атаулардағы өзгерістер туралы, заңды тұлғаның құқықтық мәртебесі мен оның мекенжайы туралы уақтылы ақпарат беруге;

7.2.5. KAZRC қауымдастығының коммерциялық ұйымдар болып табылатын мүшелері мүшелік жарналарды KAZRC қауымдастығының жарғысына және осы Ережеге, сондай-ақ жалпы жиналыстың шешімдеріне сәйкес айқындалатын тәртіппен және мөлшерде уақтылы төлеуге міндетті;»

Коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын KAZRC қауымдастығының мүшелері мүшелік жарналарды төлеуден босатылады. Олардың KAZRC қауымдастығының қызметін жүзеге асыруға және дамытуға қосқан үлесі белсенді насихаттау және өз қауымдастықтары мүшелерінің арасында KAZRC Кодексін енгізу процесіне қатысу болып табылады.;

7.2.6. KAZRC Қауымдастығының заңды мүдделеріне залал келтіруі мүмкін әрекеттерден тартынуға;

7.2.7. KAZRC Қауымдастығының құпия ақпаратын таратпауға;

7.2.8. Жарғыға және оның басқару органдарының шешімдеріне сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін KAZRC Қауымдастығы талап ететін қажетті ақпаратты уақтылы және толық беруді қамтамасыз етуге міндетті.

III-БӨЛІМ. МҮШЕЛІК ЖАРНАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ 8.

Мүшелік жарналарға жататын жалпы ереже

8.1. KAZRC қауымдастығында коммерциялық ұйымдар үшін мүшелік жарналардың келесі түрлері қарастырылған:

- Кіру жарнасы;
- Жыл сайынғы;
- Мақсатты..

8.2. KAZRC Қауымдастығы мүшелігінің Жалпы жиналысы KAZRC Қауымдастығына мүшелік жарна мөлшерін және оларды төлеу тәртібін айқындайды. KAZRC Қауымдастығы

мүшелерінің Жалпы жиналысы мүшелік жарналарды енгізудің көлемін, тәртібін және мерзімін өзгертуге құқылы.

8.3. Кіру жарнасы:

8.3.1. Кіру жарнасы кандидаттың KAZRC Қауымдастығы мүшелігіне кіруінің ресми растауы болып табылады және KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің Жалпы жиналысы бектікен жыл сайынғы жарна көлемінің 50 пайызын құрайды.

8.3.2. KAZRC Қауымдастығының құрылтайшылары кіру жарнасын төлеуді төлеуге ұсынған шот негізінде KAZRC Қауымдастығы мемлекеттік тіркеген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. Кандидаттар кіру жарнасын төлеуге ұсынылған шот негізінде KAZRC Қауымдастығына мүшелікке қабылдау туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде төлейді.

8.3.3. Кіру жарнасы KAZRC Қауымдастығы есепшотына түседі де оның ағымдағы қызметін жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

8.4. Жыл сайынғы жарна:

KAZRC қауымдастығының мүшелері үшін жыл сайынғы жарнаның мөлшері KAZRC қауымдастығының жарғылық қызметін қамтамасыз етуге қажетті ағымдағы шығыстардың мөлшерімен, сондай-ақ коммерциялық ұйымдар болып табылатын KAZRC қауымдастығы мүшелерінің санымен айқындалады.

KAZRC қауымдастығының мүшелік жарнасының мөлшерін есептеу формуласы:

(Жыл сайынғы жарна мөлшері) = (Алдағы қаржы жылына арналған шығыстар сомасы) / (ағымдағы жылдың 1 қарашасына коммерциялық ұйымдар болып табылатын KAZRC қауымдастығы мүшелерінің саны).

8.4.1. KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің жыл сайынғы жарналарын төлеу есеп жүргізетін күнтізбелік жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың 1 қарашасынан бастап 31 желтоқсан аралығы кезеңінде біржолғы төлеммен жүргізіледі. Жалпы жиналыстың шешімі бойынша ерекше жағдайларда жыл сайынғы жарнаны күнтізбелік жылда екі төлемнен жиі емес тең үлеспен төлеуге жол беріледі. Жыл сайынғы жарна төлемін мүшелер төлеуге сот ұсынылған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей толық көлемде төлеуі тиіс. KAZRC Қауымдастығы мүшелігіне 1 қарашадан бастап 31 желтоқсан аралығында қабылданған кандидаттарға жыл сайынғы жарналарды төлеу келесі жылдың 31 қаңтарына дейін ұзартылады.

8.4.2. Жыл сайынғы жарнаны KAZRC Қауымдастығының ағымдағы қызметін жүзеге асыру үшін де, KAZRC Қауымдастығының жыл сайынғы бекітілген жоспарларына сәйкес түрлі іс-шаралар жүргізу үшін де пайдаланады.

8.5. Мақсатты жарналар:

8.5.1. Мақсатты жарналарды Құрылтайшы жиналыс, сондай-ақ нақты міндеттерді шешуге мүдделі бір немесе бірнеше мүшелердің ұсынысы бойынша KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің Жалпы жиналысы белгілейді.

8.5.2. Мақсатты жарна көлемі KAZRC Қауымдастығы мүдделі мүшелерінің арасындағы келісім бойынша айқындалады.

8.5.3. Мақсатты жарна төлемі төлеуге есепшот ұсынған кезден бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізіледі.

8.5.4. Мақсатты жарна төлемі KAZRC Қауымдастығы мүшелерін кіру және жыл сайынғы жарналар төлемінен босатпайды.

8.6. KAZRC Қауымдастығының мүшесі мүшелік жарнаны оған белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, KAZRC Қауымдастығы мүшелері Жалпы жиналысы белгілеген санкция қолданылуы мүмкін.

8.7. KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің жалпы жиналысы жоспарлылығынды қаржылық нәтижесі бар KAZRC Қауымдастығы мүшелерін мүшелік жарнаны төлеуден босату туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Жалпы жиналыс шешімімен KAZRC Қауымдастығының мүшесі жазбаша өтінім негізінде өз өтінішінде көрсетілген мерзімге мүшелік жарналарды төлеуден уақытша босатылуы мүмкін. Мүшелік жарналарды төлеуден босату кезеңінде KAZRC Қауымдастығының мүшесі дауыс беру құқығынан айырылады.

8.8. KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің мүшелік жарнаның барлық түрлерін уақтылы және толықтай төлеуін бақылау KAZRC

Қауымдастығының атқарушы директорына жүктеледі.

8.9. KAZRC Қауымдастығынан шыққан немесе шығарған кезде бұрын төленген мүшелік жарналар қайтарылмайды.

IV-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

9. KAZRC Қауымдастығына мүшелікті тоқтату

9.1. KAZRC Қауымдастығына мүшелік KAZRC Қауымдастығына өз еркімен шығу арқылы не KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімі негізінде одан шығару нәтижесінде тоқтатылуы мүмкін.

9.2. KAZRC Қауымдастығының әр мүшесі шығаруға дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей KAZRC Қауымдастығы Атқарушы директорын бұл туралы жазбаша хабардар еткен кез келген жағдайда, KAZRC Қауымдастығы мүшелері құрамынан шығару үшін негіз жоқ болса, KAZRC Қауымдастығының құжаттарында белгіленген төлем және соңғының органдарының шешімімен жарналар мен өзге төлемдер бойынша қарызы болмаса, KAZRC Қауымдастығынан өз еркімен шығуға құқығы бар. Шығуға негіз және белгіленген төлемдерді төлеу бойынша қарызы жоқ болып, KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің құрамынан ерікті түрде шыққан жағдайда, мұндай шығуы туралы мәлімдеген KAZRC Қауымдастығының мүшесі KAZRC Қауымдастығының Атқарушы директоры оның шығуы туралы өтінішін алғаннан кейін отыз бірінші күнтізбелік күні KAZRC Қауымдастығының мүшесі мәртебесін жоғалтады.

9.3. KAZRC Қауымдастығының мүшесінен шығару KAZRC Қауымдастығы мүшелері Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Шығаруға негіз:

- KAZRC Қауымдастығы Жарғысының нормаларын бұзу;
- құпия ақпаратты жариялау;
- KAZRC Қауымдастығының мүдделеріне қауіп әкелетін елеулі зиян келтіру;
- белгіленген мерзімде мүшелік жарнаны төлемеу болып табылады.

Бұл тізім нақты болып табылады.

9.4. KAZRC Қауымдастығынан KAZRC Қауымдастығы мүшесін алып тастаған күн мүшелер Жалпы жиналысы тиісті шешім қабылдаған сәт болып табылады.

9.5. KAZRC Қауымдастығынан шыққан немесе шығарылған заңды тұлға мүшелік жарна ретінде төлеген ақшасын немесе KAZRC Қауымдастығына басқа да берген мүлкін қайтарып алуды талап етуге құқығы жоқ. Олар сондай-ақ оның KAZRC Қауымдастығына мүшелігіне байланысты қандай да бір шығыстарының орнын толтыруды талап етуге құқығы жоқ.

10. Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау тәртібі

10.1. Енгізілуі ҚР қолданыстағы заңнамасына және KAZRC Қауымдастығы Жарғысына қайшы келмейтін осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды KAZRC Қауымдастығы мүшелерінің Жалпы жиналысы бекітеді.

10.2. Осы ережеге қосымша оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Кандидаттың фирмалық бланкісінде

201 жылғы № _____ « ____ » _____

«Геологиялық барлау жұмыстары, минералдық ресурстар және минералдық қорлар нәтижелері туралы жария есептіліктің қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі

ӨТІНІШ

_____ (Құрылтай құжат бойынша Кандидаттың толық атауы)

_____ негізінде әрекет ететін

_____ атынан,

(уәкілетті өкілдің Т.Е.Ә)

«Геологиялық барлау жұмыстары, минералдық ресурстар және минералдық қорлар нәтижелері туралы жария есептіліктің қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің (бұдан әрі – KAZRC Қауымдастығы) мүшесіне қабылдауды сұрайды.

_____ KAZRC Қауымдастығы Жарғысының ережелерін орындауға міндеттеледі және оң шешілген жағдайда, кіру жарнасын уақтылы енгізіп, және жыл сайынғы жарнаны төлеуге міндеттеледі.

Біздің қызметтің бейіні: _____ . Заңды

мекенжайы: _____ . Нақты мекенжайы:

Телефон: (____) _____, факс(____) _____, E-mail: _____.

Банк реквизиттері: _____ . KAZRC

Қауымдастығына мүшелік мәселелері бойынша жауапты тұлға болып _____ тағайындадық, телефон: (____) _____, факс (____) _____, E-mail: _____.

(Т.Е.Ә., лауазымы)

Осы өтінішке:

- кандидат заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің (анықтама) куәландырылған көшірмесін;
- кандидат өтініш берген сәтте қолданыстағы толықтырулар мен өзгерістерді қоса алғанда, құрылтай құжаттарының куәландырылған көшірмесін;
- Басшының өкілеттігін растайтын құжат (сайлау (қажет болғанда өкілеттікті ұзарту туралы) туралы хаттамадан/шешімнен үзінді немесе көшірме), тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі);
- заңды тұлғаны салық органына есепке қою туралы куәлік, статистикалық карта көшірмесі;
- қол қою құқығымен мүдделерді білдіруге уәкілетті органға сенімхат; - Жеке атқарушы органның өкілеттігін басқарушы ұйымға беру туралы шарт (болған жағдайда) қоса беріледі.

Кандидат

Басшысы

қолы

_____ Т.Е.Ә

_____ М.О.

Өтініш берілген күн 20 _____ жылғы « ____ » _____

Тіркеу нөмірі _____

_____ (өтініш қабылдаған тұлғаны қолы, Т.Е.Ә.)

Мүшелік туралы КУӘЛІК № _____

«Геологиялық барлау жұмыстары, минералдық ресурстар және минералдық қорлар нәтижелері туралы жария есептіліктің қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі Мүшелікті растайды

Кандидаттың атауы

Негіз: «Геологиялық барлау жұмыстары, минералдық ресурстар және минералдық қорлар нәтижелері туралы жария есептіліктің қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімі (20__ ж. «__» _____ №__ хаттамасы).

Атқарушы директор

қолы

ТЕӘ

Берілген күні: 20__ ж. «__» _____

Астана қ.